

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 23)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Универсалды машинасы	үйкеліс Мақсаты: Өртүрлі майлау материалдарын (майлар, пластикалық майлауыштар) қолдана отырып және онсыз металл және бейметалл материалдарын үйкеліс пен тозуға сынақтан өткізуге арналған. Номиналды кернеу: 220В Ток жиілігі: 50Гц Қоректендіру желісінің ток түрі: бір фазалы Қуат тұтынуы, ең көбі: 800Вт Үлгінің айналу жылдамдығы, ең көбі: (айналым саны бірқалыпты өзгереді) 2900айн/мин Сынақтан өткізілетін үлгілерді басу күші, аралығында: (тапсырыс беруде нақтыланады 50, 100, 150, 200) 0-200кг Жалпы жалпақ үлгінің өлшемі: Ø50мм Қосымша үлгілер үшін жанасу аймағы: ені 4 мм сақина, ішкі диаметрі – 26 мм, сыртқы диаметрі – шамамен 30 мм Әрбір қозғалмалы роликтің (3 дана) немесе 1 роликтің өлшемі: Ø8мм, Ø20–40мм Жабдығының массасы, ең көбі: 20кг.	1
	Барлығы		1

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы

Ғылым департаментінің жетекші маманы

А.Ошибаева

А.Айымбетова

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі. Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына міндетті түрде барлық қажетті қызметтер, соның ішінде монтаждау, іске қосу-

баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері енгізілуі тиіс.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

Тауар келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.